Түіндеме. Өзен экожүйелерінің экологиялық жағдайын көп мөлшерде тазартылмаған ағынды сулар нашарлатады және табиғи өзен суларының сапасын төмендетеді. Зерттеудің мақсаты Алматы қаласындағы әсер ету аймағындағы Үлкен Алматы өзен суының микробиологиялық көрсеткіштер бойынша сапасын бағалау. Үлкен Алматы өзен суының физика-химиялық, сондай-ақ микробиологиялық талдауларының нәтижелері ұсынылған. Зерттеулер нәтижесінде химиялық судың құрамында жалпы сапрофитті бактериялар, колиформды бактериялар мен колифагтар саны, гидрологиялық және ауа райы жағдайларына тәуелділігі анықталды. Үлкен Алматы өзенінің жоғарғы және төменгі ағысындағы судың сапасына салыстырмалы талдау жүргізілді. Сапрофитті бактериялар саны мен су деңгейі, сапрофитті бактериялар мен су шығыны, сапрофитті бактериялар мен жауын-шашын деңгейі бір-бірімен байланысқан оң корреляциялық байланыс болып табылды. Мұз асты кезеңінде колифагтардың санының көбеюі анықталды. Колифагтардың саны мен судың минералдануы, колифагтардың саны мен судың температурасы арасындағы теріс корреляциялық байланыс анықталды. Алынған нәтижелер су нысандарының ластану деңгейін төмендетуге бағытталған, табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыру бойынша шешімдер қабылдау үшін ақпараттық базаның негізінен алынуы мүмкін. **Түйінді сөздер:** су сапасы, жерүсті сулары, судың ластануы, өзен, микробиологиялық көрсеткіштер, гидрохимиялық көрсеткіштер.

Ахметова С.О., Султангазиева Г.С.

Алматинский технологический университет, г. Алматы, Казахстан

ОЦЕНКА КАЧЕСТВА ВОДЫ РЕКИ «БОЛЬШАЯ АЛМАТИНКА» В ЗОНЕ ВЛИЯНИЯ г. АЛМАТЫ ПО МИКРОБИОЛОГИЧЕСКИМ ПОКАЗАТЕЛЯМ

Аннотация. В статье представлены данные по сбросам загрязняющих веществ в поверхностные водоемы Алматинской области. Показано, что большие объемы сбросов недостаточно очищенных сточных вод ухудшают экологическое состояние речных экосистем и снижают качество природных вод. Целью исследования явилась оценка качества воды р. Большая Алматинка в зоне влияния г. Алматы по микробиологическим показателям. Представлены результаты физико-химических, а также микробиологических анализов воды р. Большая Алматинка. В результате проведенных исследований выявлена

зависимость численности общих сапрофитных бактерий, общих колиформных бактерий и колифагов от химического состава воды, гидрологических и погодных условий. Проведен сравнительный анализ качества воды в верхнем и нижнем течениях р. Большая Алматинка. Обнаружена положительная корреляционная связь между количеством сапрофитных бактерий и уровнями воды, между сапрофитными бактериями и расходами воды, сапрофитными бактериями и уровнем осадков. Установлено воспроизводимое увеличение численности колифагов в подледный период. Обнаружена отрицательная корреляционная связь между численностью колифагов и минерализацией, численностью колифагов и температурой воды. Полученные результаты могут быть положены в основу информационной базы для принятия решений по реализации природоохранных мероприятий, направленных на снижение уровня загрязнения водных объектов.

Ключевые слова: качество воды, поверхностные водоемы, загрязнение воды, река, микробиологические показатели, гидрохимические показатели.

Information about the authors

Akhmetova Saule Ospandiyarovna – Candidate of Technical Sciences, Associate Professor, Almaty Technological University, sunrise_kz@mail.ru

Sultangazieva Gulbaram Sapina – Senior Lecturer, Master in Soil Science and Agrochemistry, Almaty Technological University, gul-2012-61@mail.ru

Авторлар туралы мәліметтер

Ахметова Сәуле Оспандиярқызы – техника ғылымдарының кандидаты, доцент, Алматы технологиялық университеті, sunrise_kz@mail.ru

Сұлтангазиева Гүлбарам Сапина – аға оқытушы, топырақтану және агрохимия магистрі, Алматы технологиялық университеті, gul-2012-61@mail.ru

Сведения об авторах

Ахметова Сауле Оспандировна – кандидат технических наук, ассоциированный профессор, Алматинский технологический университет, sunrise_kz@mail.ru

Султангазиева Гүлбарам Сапиновна – магистр почвоведения и агрохимии, лектор, Алматинский технологический университет, gul-2012-61@mail.ru

Есеналиева М.Б.¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ, Қазақстан

КАДМИЙ ТҰЗЫНЫҢ ҚЫЗЫЛ СҮЙЕК КЕМІГІНДЕГІ ПОСТЭМБРИОНДЫҚ ГЕМОПОЭЗГЕ ӘСЕР ЕТУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Түйіндеме. Бұл шолу мақалада қызыл сүйек кемігінде постэмбриондық гемопоэз кезінде қан жасушаларының линияларына кадмий тұзының әсер ету механизмдері, нәтижесінде кадмий әсерінен туындаған бұзылулар соңғы зерттеулер негізінде қарастырылады. Кадмий – қоршаған ортадан адам ағзасына ену арқылы түрлі ауруларды тудыратын өте улы ауыр металл екендігі көптеген ғылыми жұмыстарда дәлелденген. Мақалада кадмий қосылыстарының қызыл сүйек кемігінің жасушалық құрамына, әсіресе гемопоэтикалық үрдіске, жасушалардың дифференциалануына әсері талданады. Кадмийдің жасушадағы стресстік реакцияларды, апоптозды және қабыну үрдістерін қоздыру арқылы гемопоэзді бұзу жолдары көрсетіледі. Адам ағзасында қан негізгі сұйық ішкі орта ретінде жүріп жатқан барлық үрдістерді реттеуге қатысатын болғандықтан, кадмийдің гемопоэзге және қан құрамындағы жасушалардың балансына әсерін түсінудің қоғам денсаулығын сақтау үшін маңыздылығы жоғары. Қоршаған ортада ауыр металдың мөлшері артуына байланысты, мақала ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті. Зерттеу нәтижелері кадмий тұзының уытты әсерінің молекулалық және жасушалық деңгейде жүзеге асу жолдарын түсінуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде аурулардың алдын алу, диагностикалау және медициналық тәжірибеде жаңа терапиялық стратегияларды әзірлеу үшін негіз бола алады. Зерттеу жұмысы биология, экология, медицина және токсикология салаларында маңызды ақпараттар ұсынып, кадмийдің адам денсаулығына қаупін бағалауға үлес қосады.

Түйінді сөздер: кадмий, гемопоэз, қызыл сүйек кемігі, уыттылық, қан жасушалары

Кіріспе. Кадмий (Cd) – адам ағзасында аурулардың пайда болуына себеп болатын улы металл. Қоршаған ортада топырақта, ауада, суда ауыр металдардың, соның ішінде кадмий концентрациясының көбеюіне байланысты, металдың тірі ағзаларға уыттылық әсерін зерттеудің маңыздылығы күн сайын артуда. Халықаралық қатерлі ісіктерді зерттеу агенттігінің мәліметтері бойынша, бұл ауыр металл

адам ағзасы үшін бірінші топтағы канцерогендер тізіміне жатқызылады. Оның әсер етуінің нәтижесінде ағзада бүйрек, өкпе, жыныс бездерінің, бүйректің созылмалы аурулары, қан және қанайналым жүйесінің қатерлі ісіктері, остеопороз [1] секілді қауіпті аурулар тізімі қалыптасады. Қытай тұрғындары арасында зерттеу жүргізіп, кадмийдің қан құрамында ұзақ уақыт бойы кездесуінің глюкоза концентрациясының деңгейіне және соған байланысты қант диабетінің қаупіне әсерін анықтады [2]. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, авторлар ересектер үшін кадмийдің ұзақ мерзімді әсері қандағы глюкоза деңгейінің жоғарылауына ықпалын тигізіп, екінші типті қант диабетінің дамуына әкелуі мүмкін деген қорытындыға келген. Улы металл қоршаған ортада өндіріс қалдықтарынан, пестицидтер мен тыңайтқыштарды пайдаланудан, түрлі қоқыс үйінділерінен жинақталады. Ауыр металмен ластанған топырақ пен су қоймалары адам денсаулығына жанама түрде ұзақ уақытта әсер етуі мүмкін. Адам ағзасының қоршаған ортаның ықпалына сезімтал мүшелерінің бірі – қызыл сүйек кемігі. Қызыл сүйек кемігі құрылымының ерекшелігіне сәйкес тіршілікке маңызды қызметтерді атқарады. Негізгі қызметі – гемопоз. Гемопоз – бұл қанның барлық формалық элементтері түзілетін, көпсатылы бірқатар үрдістердің жиынтығы. Сүйектің қызыл кемігіндегі жас, маманданбаған жасушалар қанның жетілген формалық элементтері эритроциттер, лейкоциттер, тромбоциттердің түзілуіне бастама болады. Жасуша бөлінуінің жоғары деңгейі сүйек кемігін улы заттар мен радиацияға сезімталдық қабілетін арттыра түседі. Ауыр металдар, пестицидтер және өнеркәсіптік химиялық заттар тамақ, су, ауа арқылы ағзаға түсіп, сүйек кемігінің қызметін бұзады. Бұл заттар жасушалардың қалыпты жұмысына теріс әсер етіп, анемия, лейкопения және басқа да қантүзілу үрдістерінің ауытқуларына әкеледі [3,4].

Cd – ағзаның әртүрлі мүшелер жүйесіне, әсіресе қан жасушалары мен сүйек кемігіне уытты әсер етуіне байланысты күрделі экологиялық және медициналық мәселе тудыратын ауыр металл. Кадмийдің уыттылығы гемопэтикалық үрдістердің бұзылуынан, сондай-ақ жасушалар мен ұлпалардың тікелей зақымдалуынан көрінеді. Кадмий бірнеше негізгі механизмдер арқылы қан түзуге уытты әсер етеді. Бұл әдебиеттік шолуда сүйек кемігіндегі басты маңызды үрдіс гемопоз жасушаларына кадмий уыттылығының әсер етуінің негізгі механизмдері қарастырылады.

Зерттеу әдістері. Зерттеу мақсатына сәйкес «Scopus», «Web of Science», «Google Scholar», «PubMed» дерекқорларынан түйінді сөз-

дер арқылы жарияланған ғылыми жұмыстар жүйелі түрде ізделді. Тү-йінді сөздер мен тіркестер ағылшын, орыс тілдеріне де ауыдарылып қолданылды, олар: кадмий, гемопозтикалық жасушалар, кадмийдің гемопоззге әсері, қан аурулары, кадмий тудыратын өзгерістер, то-тығу стрессі. Зерттеу тақырыбы бойынша 100 - ден аса түпнұсқалық зерттеу мақалалары талданды және нәтижесінде 20-ға жуық жұмыс осы мақаланың негізі ретінде таңдалып алынды. Мақалаларды қа-растыру кезінде қолданылған әдістер: а) систематикалық шолу: та-қырыпқа қатысты дереккөздер анықталып, олардың әдіснамасы мен нәтижелері талданды; б) критикалық талдау: әр зерттеудің әдіснама-лық аспектілері мен қорытындылары салыстырылды; в) тақырыпша-лар бойынша топтау: кадмийдің гемопоззге әсері туралы әдебиеттегі зерттеулердің нәтижелері әртүрлі аспектілер бойынша (молекуляр-лық механизмдер, жасушалық дифференцировка, апоптоз және т.б.) топтастырылды; г) салыстырмалы талдау: әртүрлі зерттеулердегі кадмий тұзының әсерін салыстыру арқылы, ортақ тенденцияларды, айырмашылықтарды және бірегейлікті анықтау жүргізілді. Осы әдіс-тер зерттеу мақсатына жетуге және кадмий тұзының гемопоззге әсе-рін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау. Кадмий иондары басқа да ауыр ме-талдар сияқты адам ағзасына молекулалық деңгейде әсер етіп, ұлпа-лар мен мүшелерді зақымдайды. Кадмий қосылыстары ағзада ас қо-рыту жүйесі арқылы немесе ауадағы шаңмен бірге тыныс алу жолда-ры арқылы еніп, сүйектерде, аталық бездерде, бауырда және бүйрек-те жиналады. Бастапқыда кадмий иондары ішектің энтероциттерімен сіңіп, сол жерден қанға өтіп, эритроциттермен байланысады. Кейіннен бұл улы иондар бауырға тасымалданады, онда олар цистинге бай ақуыздар металлотионеиндермен (МТ) күрделі байланыстар түзеді. Содан кейін CdMT кешендері қанға бөлініп, одан әрі адам ағзасын-дағы кадмийдің токсикалық әсерінің негізгі нысаны болып табылатын бүйрекке тасымалдануы мүмкін. Бүйректерде CdMT кешендері ыды-рап, Cd иондары бөлінеді. Бұл өз кезегінде осы мүшенің құрылым-дарының бұзылуына және нефропатияға, резорбцияның бұзылуына және ақырында созылмалы бүйрек жеткіліксіздігіне әкеледі [5].

Кадмийдің уыттылығы жасушалардың тотығу-тотықсыздану күйі-нің бұзылуына әкеліп, тотығу стрессінің көзі болуы мүмкін. Тотығу ст-рессінен пайда болған молекулалар қантүзуші жасушалардың қалып-ты қызметін бұзады. Молекулалық деңгейде кадмий иондары энер-гия түзілуінің ауытқуы, ақуыз синтезі және ДНҚ зақымдалуы секілді

жасушалық метаболизмге теріс әсер етеді. Кадмийдің жасушадағы тотығу – тотықсыздану үрдістеріне және Д витаминінің концентрациясына әсерін анықтау мақсатында зерттеу жүргізілген [6]. Зерттеу барысында өндірісі дамыған елді мекенде өмір сүретін балаларды қанының құрамындағы кадмий мөлшеріне қарай үш топқа бөліп, салыстыра көрсетеді. Өлшенетін көрсеткіштер ретінде қандағы кадмий (CdB) деңгейлері, жалпы қан анализі, тотығу стрессінің маркерлері алынды. Зерттеу арқылы балалар популяциясының қан сарысуындағы жалпы антиоксиданттық көрсеткіштің жоғары болуы мен сульфгидрил топтарының (SH) төмен мөлшерде болатындығы анықталды. Кадмий концентрациясы төмен топтағы балалармен салыстырғанда, концентрациясы жоғары топтағы балалардың қан сарысуында липофусциннің жоғарылауы, глутатионпероксидазаның жоғары белсенділігі, сондай-ақ, эритроциттердегі малондиальдегидінің төмен болуы кадмий уыттылығының тотығу стрессінің маркерлеріне әсер ететіндігі анықталды. Қан сарысуы мен қан жасушаларының концентрациясындағы бұл айырмашылықтар Cd иондары тудыратын жасуша мембраналарының зақымдалуына байланысты болуы мүмкін. Кадмий бос радикалдар мен оттегінің белсенді түрлерінің түзілуіне ықпал ету арқылы тотығу стрессін тудырады. Бұл молекулалар жасуша мембранасының липидтеріне, ақуыздарға және ДНҚ-ға зақым келтіріп, гемопоэтикалық мүше жасушаларының қалыпты қызметіне кедергі келтіреді. Атап айтқанда, жасуша мембраналарының тотығу үрдістерінің нәтижесінде зақымдануы жасушалардың, соның ішінде гемопоэтикалық бағаналы жасушалары мен қан жасушалары бастамаларының құрылымының бұзылуына және өліміне әкеледі [7].

Кадмий жасушаларды энергиямен қамтамасыз етуде негізгі рөл атқаратын митохондриялардың қызметін бұзады. Митохондриялық дисфункция АТФ синтезінің төмендеуіне және жасушалардың бөліну және дифференциациялану қабілетіне әсер ететін тотығу стрессінің жоғарылауына әкеледі. Кадмийдің гемопоэтикалық бағаналы жасушалардағы энергиялық алмасуына және оның гемопозегге қатысуына әсерін анықтау мақсатында лабораториялық тышқандарға тәжірибе жүргізілген [8]. Ауыр металл әсерінен гемопоэтикалық бағаналы жасушаларда лактат түзілуі мен лактатдегидрогеназа белсенділігі төмендеп, керісінше, пируватдегидрогеназа белсенділігі, мембраналық потенциал, АТФ түзілуі, оттегіні тұтыну деңгейі, оттегінің белсенді формалары жоғарлады. Бұл жағдай ауыр металлдың бағаналы жасушаларда энергиялық алмасу тізбегінің гликолизден митохондриялық

тотыға фосфорлануға ауысуына әсер ететіндігі анықталды. Нәтижесінде тышқандарда миелопоэз үрдісі артады. Миелопоэздің жоғарылауы ағзада қабыну үрдістерінің әрі иммундық жүйенің тозған жағдайы туралы ақпарат беретін көрсеткіш болып табылады.

Кадмийдің әсер етуші маңызды нысандары белоктардағы цистеиндердің тиол топтары (-SH) болып табылады. Ферменттердің сульфгидрильді топтарын инактивациялау ядроларда, эндоплазмалық ретикулумда және митохондрияларда бірнеше функционалдық өзгерістер тудыруы мүмкін. Кадмийдің токсикалық әсері негізінен III кешен (цитохром bc₁ кешені немесе убихинон: оксидоредуктаза мен цитохром) арқылы электрон ағынын бұзу арқылы митохондриялық электронды тасымалдау тізбегінің блокталуына байланысты. Кадмий АДФ белсенділігін тежейді және митохондрияның өткізу қуыстарын ашу арқылы ішкі митохондриялық мембранада ион өткізгіштігінің жоғарылауын тудырады. Кадмий тыныс алу тізбегінің ферменттерінің қызметтерін тежеу, митохондрияның мембраналық потенциалын өзгерту және митохондриялардың ісінуінен тыныс алуды тежеу арқылы көптеген митохондриялық ақуыздардың (сыртқы және ішкі мембраналардан өтетін тасымалдаушы жүйелер мен ферменттер) белсенділігін өзгерте алады [9].

Кадмий тікелей мембрана өткізгіштігін арттырып, митохондриялық мембрананың потенциалын төмендетуі мүмкін, бұл өз кезегінде каспаза жолын белсендіре отырып, цитохром C шығарылуын тудырады. Сонымен қатар, кадмий АТФазаның, лактатдегидрогеназаның (LDH), супероксид дисмутазаның (SOD) және глутатион пероксидазаның (GPx) қызметін төмендетеді, ал оттегінің белсенді формалары мен липидтің асқын тотығу деңгейін жоғарылатады. Кадмий Фентон реакцияларына қатысады. Фентон реакциясында катализатор ретінде әрекет етпесе де, ол эндогендік фентон металын (мысалы, Fe²⁺) ақуыздардан жанама түрде ығыстырып, бос тотықсыздандырғыш - белсенді металдардың мөлшерін көбейтіп, оттегінің белсенді формаларын шығара алады. Кадмий глутатион сияқты экзогендік және эндогендік антиоксиданттармен әрекеттесу арқылы жасушаның тотығу-тотықсыздану күйін өзгерте алады. Кадмий митохондрияларды зақымдауы кезінде тек Ca²⁺ сигнализациясына кедергі келтіріп қана қоймайды, сонымен қатар митохондриялық оттегінің белсенді формаларының түзілуін арттырады.

Кадмийдің уытты әсері гемопозтикалық жасушаларда бағдарламаланатын жасушалық өлім (апоптоз) механизмдерін арттырады.

Кадмий жасушалардың өлуіне және қан жасушаларының өндірісінің төмендеуіне әкелетін апоптоз үрдісінің негізгі ферменттерін - каспазлардың белсенді қызметіне әкеледі. Кадмий иондары I кешен (NADH дегидрогеназа немесе NADH: убихиноноксидоредуктаза) мен IV кешенге (цитохром оксидаза) әсер етуден гөрі электронды тасымалдау тізбегінің II (сукцинатдегидрогеназа) және III кешендерінің (цитохром bc_1 кешені) белсенділігін тежеу арқылы ксенобиотиктер ретінде әрекет етеді. Осыған қарағанда, түзілуінің негізгі орны III кешен деп болжауға болады. Оттегінің белсенді формаларының жинақталуы митохондриялық мембрананың потенциалына әсер етеді және апоптоз (генетикалық кодталған жасушаның өзін-өзі жою механизмі) секілді үрдістерді белсендіреді. Апоптоздың екі түрлі жолы бар: сыртқы немесе жасуша өлімін тудырушы рецепторлар арқылы жүретін жол және ішкі немесе митохондриялық делдалдық жол. Екі түрлі жол бір-бірімен байланысты және екі жолдың біріндегі молекулалар екіншісіне әсер етуі мүмкін. Бірінші түрі сыртқы тітіркендіргіштерге жауап ретінде апоптозды тудырса, ал ішкісі ДНҚ зақымдануы сияқты ішкі тітіркендіргіштерге жауап ретінде апоптозды тудырады. Митохондриялық түрі оттегінің белсенді формалары, ультракүлгін сәулелену, иондаушы сәулелер, Ca^{2+} және Cd^{2+} сияқты уытты әсер етуші тітіркендіргіштермен байланысты. Бұл стресс тітіркендіргіштері митохондрияның сыртқы мембранасының өткізгіштігіне әкеледі, С цитохромының митохондриялық мембрананың аралық кеңістігінен цитозольге босатылады, осылайша каспаза-8 белсендіріліп, жасушаның өзін-өзі жоюы басталады. Ішкі жол жасушалық стресс сигналымен іске қосылады, өйткені ДНҚ зақымдануы каспаза-9 түрін белсендіреді. Апоптоздың ішкі жолындағы негізгі сатысында оттегінің белсенді формаларының көп түзілуімен бос радикалдар митохондриялық мембрананың фосфолипидтеріне әсер етіп, митохондриялық мембрана деполяризацияланады. Апоптоздың әрбір жолы каспаза-8 (сыртқы жол) және каспаза-9 (ішкі жол) сияқты өзінің инициаторларын белсендіреді, олар өз кезегінде орындаушы формалар каспаза-3 пен каспаза-7-нің қызметтерін арттырады. Каспазалар (цистеин-аспартаттық протеазалар) аспартат қалдықтарынан кейінгі ақуыздарды ыдырататын протеолитикалық белсенділікке ие. Нәтижесінде жасушалардың кішіреюі, хроматиннің конденсациясы, цитоплазмалық көпіршіктер мен апоптоздық денелердің түзілуі сияқты цитоморфологиялық сипаттамалар қалыптасады. Оттегінің белсенді формаларының шамадан тыс түзілуі апоптоздан басқа митохондриялық мембрананың деполяризациясы,

ДНҚ мутациясы, митохондриялық мембраналардың тұтастығын бұзу арқылы макромолекуланың тотығуына әкеледі. Митохондриялық апоптоздың негізгі көрінісі оттегінің белсенді формаларының көбеюімен, митохондриялық мембрана потенциалының өзгеруімен және каспаза-9 активтенуімен байланысты. Кадмиймен индукцияланған митохондриялық зақымдану арқылы жүретін митохондриялық апоптоз кадмий әсер еткеннен кем дегенде 15-24 сағаттан кейін басталады.

Кадмий уытты әсері жасушаларда эпигенетикалық өзгерістер тудыра алады. Эпигенетикалық өзгерістер тікелей ДНҚ нулеотидтік тізбегінің өзгерісіне байланыссыз ұрпақтан ұрпаққа берілетін геннің жалпы көрінісіндегі ауытқулар. Ген экспрессиясының эпигенетикалық реттелуіне делдалдық жасайтын негізгі механизмдері: ДНҚ метилденуі, гистондардың посттрансляциялық модификациясы, гендердің транскрипциясы мен трансляциясына кедергі келтіруші микроРНҚ (кодталмайтын РНҚ молекулалары), ДНҚ қапталуы. Эпигенетикалық процестерге қатысатын ферменттерге ДНҚ метилтрансфераза, гистон метилтрансфераза, гистон ацетилтрансфераза және гистон деацетилаза жатады. Бұл процестерге қоршаған ортаның әртүрлі факторлары әсер етуі арқылы, олардың реттелуінің бұзылуларын тудыра алады. Соңғы уақытта, көп зерттеулер ауыр металлдардың уытты әсер ету механизмі микроРНҚ (кодталмайтын РНҚ молекулалары) арқылы жүретіндігін көрсетуде. Эндогендік микроРНҚ-ның аберрантты өзгерістері әртүрлі ісік түрлері мен бұзылуларға әкелетін түрлі патофизиологиялық жағдайлар мен сигналдық жолдарға тікелей байланысты [10]. ДНҚ метилденуі жасушалық процестерді, соның ішінде геномдық импринтингті, хромосоманың тұрақтылығын және ген транскрипциясын реттеуге қатысады. H3 және H4 гистондарының N- және C-терминал құйрықтары хроматин құрылымы мен ген экспрессиясына әсер ететін метилдену, ацетилдену, фосфорлану, АДФ-рибозилдену, убиквитинация сияқты посттрансляциялық коваленттік реакциялардан өтеді. МикроРНҚ – 20–25 нуклеотидтен тұратын кодталмаған шағын молекулалар, олар ақпараттық РНҚ-ны ыдырату және олардың трансляциясын тежеу арқылы белок экспрессиясының посттранскрипциялық реттелуіне қатысады. МикроРНҚ ДНҚ-дан транскрипцияланады, бірақ белоктарда трансляцияланбайды. МикроРНҚ-ның негізгі қызметі ақпараттық РНҚ функцияларына кедергі жасау арқылы ген экспрессиясын төмендету болып табылады. Эпигенетикалық өзгерістер эпигеномның динамикалық күйіне байланысты қоректену түрі, ксенобиотиктердің әсері сияқты қоршаған орта факторларымен туын-

дауы мүмкін. Кадмий әсерінен мына үш эпигенетикалық құрылымдарда өзгерістер туындайды: ДНҚ метилденуі, гистонның трансляциядан кейінгі модификациясы және микроРНК. ДНҚ метилдену деңгейі кадмийдің әсер ету уақытымен байланысты болуы мүмкін. Зерттеулер көрсеткендей, қысқа уақыт ішінде Cd әсерінен гипометилизация туындаса, ал ұзақ уақыт әсер ету нәтижесінде гиперметилизация туындайды. TRL1215 егеуқұйрық бауыр жасушаларына кадмийдің *in vitro* бір апта бойына әсері ДНҚ метилтрансфераза белсенділігін 40%-ға дейін тежеуінен ДНҚ гипометилизациясы пайда болды, ал сол жасушаларға кадмийдің 10 апта бойы ұзақ уақыт әсері ДНҚ гиперметилизациясына әкелді. [11]. Cd экспозициясы эпигенетикалық құрылымдармен бірге геннің экспрессиялық көрінісін өзгертетіндіктен, эпигенетикалық өзгерістер канцерогендік әсерлермен байланысты болуы мүмкін.

Кадмий гемопоэтикалық процестерді реттейтін эритропоэтин және тромбоциттік өсу факторы сияқты өсу факторларының түзілуіне кедергі келтіруі мүмкін. Бұл өсу факторларының мөлшерінің өзгеруі қан жасушаларының қалыпты дамуы мен дифференциациясына кедергі келтіріп, анемияға, тромбоцитопенияға және басқа да бұзылуларға әкеледі. Гипоксия кезінде эритропоэтин экспрессиясы артатын Her3V адам бауырының жасушаларына кадмий хлоридінің әсері зерттелген. Зерттеу нәтижелері кадмийдің бауыр жасушаларында эритропоэтин өндірілуіне күшті және ерекше тежегіштік әсер ететінін көрсетеді. Бұл фактор бүйректегі эритропоэтин түзілуіне тікелей әсер ету арқылы анемияны тудыруы мүмкін [12].

Кадмий гемопоэтикалық бағаналы жасушалардың тіршілік циклін тежеп, жасушаның бөліну үрдістерінің жылдамдығын төмендетеді. Бұл қан жасушаларының санының төмендеуіне және олардың қалыпты қызметтерінің бұзылуына әкеледі. Анемияның дамуына қоршаған ортадағы әртүрлі мөлшердегі ауыр металдардың әсер етуі зерттеліп, арасындағы байланыс бағаланды. Кадмий концентрациясының екі есе артуы эритроциттердің көлемінің 0,16-ға жоғарылауымен, ал қорғасын концентрациясының екі есе артуы 0,04 жоғарылауымен көрінді. Екі металдың әсерін қоса бақылағанда, талдаулар арқылы кадмий эритроциттердің көлемінің ұлғаюымен оң байланыста болса, ал қорғасынның әсері айтарлықтай әлсіреген. Ауыр металдар гемопоэтикалық немесе эритропоэтикалық механизмдеге әсер ететіндігі анықталды [13].

Кадмий сүйек кемігінде созылмалы қабынуды тудырады, нәтижесі қабыну жасушаларының белсенділігінің артуына және цитокиндердің

бөлінуіне әкеледі. Бұл қабыну молекулалары гемопозитикалық жасушаларды зақымдап, олардың қызметін нашарлатуымен бірге сүйек кемігінің микроортасына әсер етуі мүмкін. Кадмий мен қорғасын секілді ауыр металдар иммундық жүйенің параметрлерін өзгертеді, туа біткен және жүре пайда болған иммунитетті түсіреді, аутоиммунды аурулардың пайда болуына, ағзаның аллергияға, инфекцияға сезімталдығын арттырады. Осыған байланысты жасушаларда цитокин секілді әртүрлі сигналдық молекулалар деңгейінің өзгеруі басталып, ағзада қабыну пайда болады [14].

Кадмий иммундық жүйеде қорғаныш қызмет атқаратын лейкоциттердің қызметіне кедергі келтіреді. Сүйек кемігі лейкоциттер түзілетін негізгі орын болғандықтан, оның дисфункциясы иммундық жауаптың төмендеуіне және инфекцияларға сезімталдықтың жоғарылауына әкеледі. Кадмий қандағы және лимфоидты ұлпадағы лимфоциттердің жетілуін тежеп, қызметін бұза отырып адаптивті иммундық жүйеге әсер етеді. Металл өзінің канцерогендік әсерін көрсететін механизмдерге ДНҚ репарация жүйесінің бұзылуы, ісіктерді басатын гендердің ісік ген-супрессорларының инактивациясы және протоонкогендердің белсенділігінің күшеюі жатады. Бұл бұзылулар сонымен бірге қабыну туғызатын цитокиндердің шамадан тыс бөлінуіне ықпал етеді. Оларға IL-1, IL-6, IL-8, TNF- α , интерферон-гамма (IFN- γ) және интерлейкин-10 (ИЛ-10) жатады [15, 16].

Кадмий цитокиндердің өндірілуіне әртүрлі әсер етеді. Қала тұрғындарында аллергиялық аурулар мен ісік ауруларының артуы иммуноглобулин E (IgE) антиденесі мен цитокиндердің түзілуіне әсер етуші қоршаған ортаның кадмиймен ластануы негіз болуы мүмкін. Туа пайда болған иммунитеттің негізгі жасушалары моноциттер мен нейтрофилдерге кадмий көп зиян келтіреді. Макрофагтардың иммундық белсенділігі кадмийдің әсерінен тежеліп, иммундық жауапқа қатыспайды. Ал моноциттердегі қабынуға қарсы цитокиндердің бөлінуі себепті, қабыну одан әрі күшейеді [17].

Қорытынды. Адам ағзасында түрлі аурулардың пайда болуын тудыратын кадмийдің гемопозегге уытты әсер етуінің механизмдері анықталды. Антропогендік іс-әрекеттердің нәтижесінде қоршаған ортада кадмийдің концентрациясы артуына байланысты бұл металл адам ағзасына ас қорыту, тыныс алу жолдары арқылы өніп, ұзақ уақыт бойы мүшелерде жиналады. Қазіргі таңда кадмийдің уытты әсер етуінің механизмдері жасушалық және молекулалық деңгейде зерттелуде. Жүргізілген зерттеу жұмыстары көрсеткендей, кадмий-

дің гемопозеге әсері күрделі және көп факторлы процесс. Гемопозеге уытты әсері тотығу стрессі, жасуша циклін бұзу, өсу факторларының секрециясын әлсірету, жасуша дифференциациясы мен пролиферация үрдістерін баяулату, қабыну, мутагендік эффект, сүйек кемігінің микроортасын өзгерту секілді негізгі механизмдермен жүзеге асады. Кадмийдің уытты әсер ету механизмдері және зардаптары туралы білу және алдын алу шараларын қабылдау өмір сапасын жақсартуға, ауруды азайтуға және кадмиймен байланысты аурулардың алдын алуға, детоксикация мен улануды емдеу әдістерін, сондай-ақ кадмийдің зиянды әсерін бейтараптандыратын немесе азайтатын препараттарды жасауға көмектеседі. Сондықтан кадмийдің адам ағзасына улы әсерін зерттеу қоғамның денсаулығын, қауіпсіздігін және әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін өте маңызды.

Бұл мақала болашақ зерттеулерде келесі бағыттарда жұмыстар жүргізуге ықпал етеді: кадмийдің қызыл сүйек кемігіндегі әр түрлі жасуша түрлеріне әсерін зерттеу; кадмийдің гемопозеге әсер ету механизмдерін толығырақ түсіну үшін молекулалық биологиялық әдістерді қолдану; кадмийдің әсерін әлсірететін және гемопозегенің қайта қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін препараттарды іздестіру.

Әдебиеттер/References

1 Wang M., Wang X., Liu J., Wang Z., Jin T., Zhu G., Chen X. The association between cadmium exposure and osteoporosis: a longitudinal study and predictive model in a chinese female population // *Front. Public Health.* – 2021. V.9

2 Xiao L., Li W., Zhu C., Yang S., Yang S., Zhou M., Wang B., Wang X., Wang D., Ma J., Zhou Y., et al. Cadmium exposure, fasting blood glucose changes, and type 2 diabetes mellitus: A longitudinal prospective study in China // *Environ. Res.* - 2021, V.192

3 Cadmium induces iron deficiency anemia through the suppression of iron transport in the duodenum / Y. Fujiwara. Lee Jin-Y., H. Banno. S. Imai. M. Tokumoto. T. Hasegawa. Y. Seko. H. Nagase. M. Satoh // *Toxicology Letters.* 2020. Vol. 332. –P. 130-139.

4 Ana Cirovic, Aleksandar Cirovic. Iron deficiency as promoter of heavy metals-induced acute myeloid leukemia // *Leukemia Research.* 2022. V.112.

5 Zhang Y., Liu Z., He Q., Wu F., Xiao Y., Chen W., Jin Y., Yu D., Wang Q. Construction of mode of action for cadmium-induced renal tubular dysfunction based on a toxicity pathway-oriented approach. // *Front. Genet.* 2021. V. 12.

6 Chwalba A., Orłowska J., Słota M., Jeziorska M., Filipecka K., Bellanti F., Dobrakowski M., Kasperczyk A., Zalejska-Fiolka J., Kasperczyk S. Effect of cadmium on oxidative stress indices and vitamin d concentrations in children // *Clinical Medicine.* 2023. V.12(4).

7 Genchi G., Sinicropi M.S., Lauria G., Carocci A., Catalano A. The effects of cadmium toxicity. *Int. J. Environ. Res. Public Health*. 2020. V.17.

8 Zhao Y, He J, Zhu T, Zhang Y, Zhai Y, Xue P, Yao Y, Zhou Z, He M, Qu W, Zhang Y. Cadmium exposure reprograms energy metabolism of hematopoietic stem cells to promote myelopoiesis at the expense of lymphopoiesis in mice // *Ecotoxicology and Environmental Safety*. Feb; V. 231.

9 Lee W.K., Thevenod F. Cell organelles as targets of mammalian cadmium toxicity // *Arch. Toxicol*. 2020. P. 1–33.

10 Wallace, D.R.; Taalab, Y.M.; Heinze, S.; Lovaković, B.T.; Pizent, A.; Renieri, E.; Tsatsakis, A.; Farooqi, A.A.; Javorac, D.; Andjelkovic, M.; et al. Toxic-metal-induced alteration in miRNA expression profile as a proposed mechanism for disease development // *Cells*. 2020. V. 9. 901 p.

11 Takiguchi M., Achanzar W.E., Qu W., Li G., Waalkes M.P. Effects of cadmium on DNA-(Cytosine-5) methyltransferase activity and DNA methylation status during cadmium-induced cellular transformation // *Exp. Cell Res*. 2003. V. 286. – P. 355–365.

12 Horiguchi H., Kayama F., Oguma E., Willmore W.G., Hradecky P., Bunn H.F. Cadmium and platinum suppression of erythropoietin production in cell culture: clinical implications // *Blood*. 2000. V. 96(12).

13 Peters J.L., Perry M.J., McNeely E., Wright R.O., Heiger-Bernays W., Weuve J. The association of cadmium and lead exposures with red cell distribution width // *PLoS One*. 2021. V. 16(1).

14 Островская С.С., Шаторная В.Ф. Иммунологические аспекты воздействия свинца и кадмия на организм // *Вісник проблем біології і медицини*. 2017. В. 2 (136).

15 Goyal T., Mitra P., Singh P., Sharma S., Purohit P., Sharma P. Effect of occupational co-exposure to lead and cadmium on selected immunomodulatory cytokines // *Toxicol. Ind. Health*. 2022. V. 38. 1–10 p.

16 Chen X., Bi M., Yang, J., Cai J., Zhang H., Zhu Y., Zheng Y., Liu Q., Shi G., Zhang Z. Cadmium exposure triggers oxidative stress, necroptosis, Th1/Th2 imbalance and promotes inflammation through the TNF- α /NF- κ B pathway in swine small intestine. *J. Hazard. Mater*. 2022, 421,

17 Mirkov I., Popov Aleksandrov A., Ninkov M., Tucovic D., Kulas J., Zeljkovic M., Popovic D., Kataranovski M. Immuno-toxicology of cadmium: Cells of the immune system as targets and effectors of cadmium toxicity // *Food Chem. Toxicol*. 2021. V.149.

Есеналиева М.Б.

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

МЕХАНИЗМЫ ВЛИЯНИЯ СОЛИ КАДМИЯ НА ПОСТЭМБРИОНАЛЬНОЕ ГЕМОПОЭЗ В КРАСНОМ КОСТНОМ МОЗГЕ

Аннотация. В данном обзоре рассматриваются механизмы воздействия солей кадмия на линии кроветворных клеток во время постэмбрионального гемопоэза в костном мозге, а также нарушения, возникающие в результате воздействия кадмия, на основании последних исследований. Кадмий - это высокотоксичный тяжелый металл, который, как доказано многочисленными научными работами, может проникать в организм человека из окружающей среды и вызывать различные заболевания. Статья анализирует влияние соединений кадмия на клеточный состав костного мозга, особенно на гемопоэтический процесс, дифференцировку клеток. Показаны пути нарушения гемопоэза кадмием путем запуска в клетках стресс-реакций, апоптоза и воспалительных процессов. Поскольку кровь, как основная жидкая среда организма, участвует в регуляции всех протекающих процессов, понимание влияния кадмия на гемопоэз и баланс клеток крови имеет важное значение для охраны общественного здоровья. Статья актуальна с научной и практической точек зрения в связи с ростом концентрации тяжелых металлов в окружающей среде. Результаты исследований позволяют разобраться в механизмах токсического действия солей кадмия на молекулярном и клеточном уровнях, что в свою очередь может стать основой для профилактики заболеваний, их диагностики и разработки новых терапевтических стратегий в медицинской практике. Проведенная работа представляет ценную информацию в области биологии, экологии, медицины и токсикологии, способствуя оценке риска кадмия для здоровья человека.

Ключевые слова: кадмий, гемопоэз, красный костный мозг, токсичность, клетки крови.

Yessenaliyeva M.B.

Abay Kazakh National Pedagogical university, Almaty c., Kazakhstan

MECHANISMS OF INFLUENCE OF CADMIUM SALT ON POSTEMBRYONIC HEMOPOIESIS IN RED BONE MARROW

Abstract. This review examines the mechanisms by which cadmium salts affect the lineages of blood cells during postembryonic hematopoiesis in the bone marrow, as well as the disruptions that arise due to cadmium exposure, based on recent researches. Cadmium is a highly toxic heavy metal that, as proven by numerous scientific studies, can enter the human body from the environment and

cause various diseases. The article analyzes the impact of cadmium compounds on the cellular composition of the bone marrow, especially on the hematopoietic process and cell differentiation. It illustrates the ways in which cadmium disrupts hematopoiesis by triggering cellular stress responses, apoptosis and inflammatory processes. As blood, being the primary liquid medium of the body, participates in regulating all ongoing processes, understanding the impact of cadmium on hematopoiesis and the balance of blood cells is crucial for public health. The article is relevant both scientifically and practically due to the rising concentrations of heavy metal in the environment. The research findings provide insights into the mechanisms of cadmium toxicity at the molecular and cellular levels, which in turn can serve as a basis for disease prevention, diagnosis, and the development of new therapeutic strategies in medical practice. This research work presents valuable information in the fields of biology, ecology, medicine, and toxicology, contributing to the assessment of cadmium's risk to human health.

Key words: Cadmium, hematopoiesis, red bone marrow, toxicity, blood cells.

Автор туралы мәліметтер

Есеналиева Мейрім Бақытханқызы – докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан, meirimbakytkhankyzy@gmail.com

Жұмысқа қосқан үлесі: зерттеуді жобалау, әдебиеттерді іздеу, зерттеу жүргізу, нәтижелерді талдау, талқылау, жариялауды дайындау.

Сведения об авторе

Есеналиева Мейрім Бақытханқызы – докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан, meirimbakytkhankyzy@gmail.com

Вклад в работу: дизайн исследования, литературный поиск, проведение исследований, анализ результатов, обсуждение, подготовка публикации.

Information about the author

Yessenaliyeva Meirim Bakytkhankyzy – doctoral student, Abay Kazakh National Pedagogical university, Almaty c., Kazakhstan, meirimbakytkhankyzy@gmail.com

Contribution to the work: research design, literature search, research conduct, results analysis, discussion, publication preparation.

ШАБЛОН НАПИСАНИЯ СТАТЬИ

ТРЕБОВАНИЯ К ОФОРМЛЕНИЮ РУКОПИСИ

Экспериментальная статья — от 7 до 15 страниц (формат А4), 4-6 рисунков (таблиц), не считая аннотации, таблицы, рисунки, Список литературы, References, Сведения об авторах.

Обзорная статья - 7-15 страниц, включая аннотации, таблицы, рисунки, Список литературы, References, количество рисунков или таблиц не более 9 (3 рисунка считаются за 1 страницу); Сведения об авторах.

Краткое сообщение – 5-9 страниц (формат А4), включая рисунки или таблицы (не больше трех), не считая аннотации, таблицы, рисунки, Список литературы, References, Сведения об авторах.

✓ Текстовые файлы следует представлять в формате PDF и Word (версии 6.0 и более поздние), шрифт — Times New Roman, размер — 12pt, Интервал - 1,15, в одну колонку.

ШАБЛОН НАПИСАНИЯ СТАТЬИ

код МРНТИ (Межгосударственный рубрикатор научно-технической информации)

Фамилия и инициалы авторов - на 3-х языках (казахский, русский, английский)

(первый — автор текста, затем соавторы и научные руководители);

Наименование места работы, город, страна - на 3-х языках (казахский, русский, английский);

Если авторы статьи из разных учреждений, то в конце каждой фамилии поставить надстрочную цифру, соответствующую месту работы. Ниже указать место работы каждого автора и поставить надстрочную цифру в начале наименования места работы.

Пример: Бериков А.К.¹, Васильев С.И.²
¹Институт горного дела, г. Алматы, Казахстан
² Кыргызский горно-металлургический институт им. Академика У. Асаналиева, г. Бишкек, Кыргызстан

Заглавие статьи - на 3-х языках (казахский, русский, английский);- должно быть максимально кратким, информативным, без сокращений;

Аннотация: пишется на 3-х языках (русский, казахский, английский):

Не более **150-200 слов**. (Содержание аннотации: Цель исследований. Методы исследования. Что обнаружено. Чем важны результаты, Область применения, Есть ли аналоги в мире);

Ключевые слова: пишутся на 3-х языках (казахский, русский, английский) — всего 5-6 одиночных слова и не более двух-трёх словосочетаний;

Текст статьи: включает таблицы, рисунки, список цитированной литературы;

Введение — краткое изложение истории вопроса с рассмотрением отечественных и зарубежных работ, в которых аналогичные или близкие исследования уже проводились за последние десятилетия,

Цель исследования – краткое описание.

Методы исследования — следует детально описывать новые методы; на ранее опубликованные и общеизвестные методы достаточно сослаться в списке литературы, указав автора и/или название метода

- **Таблицы** должны быть пронумерованы арабскими цифрами и иметь описательное название. Численные измерения (единицы) должны быть включены в заголовок столбца.

- **Рисунки** (графики, формулы, чертежи и пр.) и цветные иллюстрации принимаются к печати, только в лучшем качестве. Рисунки должны иметь краткие заголовки, дающие точное описание к изображению на рисунках. Заголовки рисунков не должны размещаться на иллюстрациях. Независимо от типа графики, рисунки должны обладать высоким разрешением, не ниже 300(dpi) точек на дюйм и отдельно предоставляются в следующих форматах – jpg, png, tiff, cdr, eps, ai, pdf, eps, ait и svg или оригинальные файлы. Максимальный размер рисунков 120×210 мм. За предоставленные не качественные графические материалы, при публикации редакция ответственности не несёт.

Результаты исследования — приводятся основные теоретические и экспериментальные результаты, фактические данные, обнаруженные взаимосвязи и закономерности. При этом отдается предпочтение новым результатам, важным открытиям, выводам, которые опровергают существующие теории, а также данным, имеющим практическое значение.

Обсуждение результатов — производится сопоставление с лучшими отечественными и мировыми аналогами. Описываются дискуссионные моменты исследования, и ваше видение их разрешения.

Выводы – подведение итогов работы, обоснование новизны и актуальности исследования, рекомендации по применению полученных результатов.

Источник финансирования исследований – ведомства, фонды, отдельные люди и т.д. должны быть помещены перед списком использованной литературы. Наименования финансирующих организаций должны быть написаны полностью.

Благодарность — выражается благодарностью спонсорам, научным руководителям, лицам, принимавшим деятельное участие в работе и пр.

Список литературы — ссылки в тексте нумеруются по возрастанию в порядке их упоминания. Библиографические сведения о публикации оформляются согласно ГОСТ 7.1-2003. В список литературы **не включаются** нормативные документы, статистические сборники, статьи из газет, так как их оформляют в круглые скобки после упо-

минания в тексте. Ссылки на интернет-сайты производятся согласно ГОСТ 7.5-98, предпочтение отдаётся электронным журналам.

Самоцитирование не должно превышать 20-30% от общего списка. Литературные источники давностью не более 10-15 лет должны составлять значительную часть списка, особенно для статей прикладного характера.

References - (Транслитерация Списка литературы) — оформляется согласно ГОСТ 7.79-2000 и размещается в соответствие с требованиями редакции.

Сведения об авторах на 3-х языках (казахский, русский, английский):

- фамилия, имя и отчество полностью (если есть), научная степень/звание
- место работы автора
- вклад в работу каждого из авторов – Эксперимент, Обработка Данных, Обсуждение, Подготовка Рукописи, Поиск Литературы, Исследования и пр.
- электронная почта.

Регистрационное свидетельство
№ 7528-Ж от 01.08.2006 г.
выдано Министерством культуры и информации
Республики Казахстан

Главный редактор *М.Т. Велямов*
Редактор *Л.Н. Гребцова*
Ответственный секретарь *Е.С. Сухова*
Обложка *Е.С. Кадырова, Л.Н. Гребцовой*
Редактор текста на казахском языке *Т.Т. Садырова*
Компьютерная верстка *Д.Р. Турысбек*

Подписано в печать 17.12.2024.
Формат 60x84/16. Печать офсетная. Бумага офсетная.
Усл. п. л. 6,0. Тираж 350 экз. Заказ 160.

Редакционно-издательский отдел НЦ ГНТЭ.
050026, г. Алматы, ул. Богенбай батыра, 221
